

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 260 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 ж. 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 ж. 20 желтоқсандағы Заңы , 2004 ж. 30 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2004 ж. 28 желтоқсандағы " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі - Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Заңмен белгіленген зейнеткерлік жасына жетуіне қарай берілетін

а қ ш а л а й

т ө л е м ;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"(келісім)" деген сөз алынып тасталсын;

"салымшы" деген сөзден кейінгі "мен" деген жалғаулық "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын;

15-1) ең төмен зейнетақы - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төмен мөлшері;"

2) 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алып келген;

2) осы Заңның 9-бабына сәйкес зейнеткерлік жасына жеткен азаматтарына;

3) әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіп қолданылатын, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар қызметкерлеріне мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі жүзеге асырылады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Орталықтан берілетін және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуына қарамастан жүзеге асырылады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері кезең-кезеңімен ең төмен күнкөріс деңгейіне жақындатыла отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленеді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін төлеу бюджет қаражаты есебінен, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасына жеткен кезде, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар азаматтардың қалауы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемімен ауыстырылуы мүмкін.";

3) 6-баптың 2-тармағындағы 12-1) тармақшасындағы "жылына кемінде бір рет" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 8 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "9-бабына" деген сөздер "9-бабының 1-3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1), 4-1), 4-2), 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алуды;";

4-1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке адамдардың бірыңғай тізімін қалыптастыруды;

4-2) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаспаған және (немесе) әлеуметтік жеке кодтың берілуі туралы куәлігі жоқ, және (немесе) деректемелерінде қате жіберілген салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруды;

4-3) салымшылардың зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аударуды;";

6) 22-баптың 3-тармағындағы "9-бабына" деген сөздер "9-бабының 1-3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 22 - 1 - б а п т а :

1-тармағындағы "ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен" деген сөздер "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Адвокаттар, жеке нотариустер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына төлеуге жатқызылған, салық кезеңінің әр айы үшін есептелетін міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалатын кірістің он проценті мөлшерінде белгіленеді, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының он процентінен кем болмауға және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінің он процентінен жоғары болмауға тиіс.

Арнаулы салық тәртібін қолданатын шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін шаруа (фермерлік) қожалығы мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына төлеуге жатқызылған, салық кезеңінің әр айы үшін есептелетін міндетті зейнетақы жарналары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының кемінде он проценті мөлшерінде белгіленеді.

Арнаулы салық тәртібін біржолғы талон негізінде қолданатын жеке тұлғалар үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына төлеуге жатқызылған, біржолғы талондар сатып алынатын әрбір отыз күн күнге есептелетін міндетті зейнетақы жарналары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының он проценті мөлшерінде белгіленеді.";

8) 22-2-баптың 2-тармағындағы "оларды салық салынғаннан кейінгі табыс есебінен жүзеге асырған жағдайда" деген сөздер алынып тасталсын;

9) 23-3-баптың 3-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

10) 24-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

1 1) 2 7 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "құрылтайшылары (акционерлері)" деген сөздер "акционерлері" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агенттердің Орталықтан қызметкерде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін тәртіппен растама алуға құқығы бар.";

3-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

12) мынадай мазмұндағы 27-1-баппен толықтырылсын:

"27-1-бап. Зейнетақы жинақтарын аудару

1. Зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аудару салымшының (алушының) жеке өтініші бойынша, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішпен баруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, салымшы (алушы) зейнетақы жинақтарын аударуға өтінішпен баруға нотариалды расталған сенімхатты, онда зейнетақы жинақтарын аудару жүзеге асырылатын жинақтаушы зейнетақы қорын көрсете отырып жеке немесе заңды тұлғаға береді.

Сенімді өкіл зейнетақы жинақтарын аудару жүзеге асырылатын жинақтаушы зейнетақы қорына өтініш берген кезде, зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішпен баруға нотариалды расталған сенімхатты және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттарды ұсынады.";

1 3) 2 9 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

4) тармақшадағы "ақпарат беруді" деген сөздер "ақпарат берудің тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1) тармақшадағы "құрылтайшылары (акционерлері)" деген сөздер "акционерлері" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 31-баптың 4-тармағы мынадай реакцияда жазылсын:

"4. Егер жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша ай сайын есептелетін номиналдық кірісінің мәні орташа өлшемді номиналдық кірістің төменгі мәнінен кем көлемді құрайтын болса, онда зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйым әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры номиналдық кірістің мәні мен ең төменгі орташа өлшемді номиналдық кіріс арасындағы айырманы осы көрсеткіштердің есебі жүзеге асырылған күннен

бастап 5 күннің ішінде, өзінің меншікті капиталы есебінен, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қалпына келтіреді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша номиналдық кірісін және ең төменгі орташа өлшемді номиналдық кірістің ең төменгі мәнін есептеудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.";

1 5) 3 1 - 1 - б а п т а :

1-тармақ "1-3-тармақтарында" деген сөздерден кейін "және 23-бабының 1-тармағы 3) тармақшасында" деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген" деген сөздер "зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күнге белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігіндегі "2) және 3) тармақшаларында" деген сөздер "2) тармақшада" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлігіндегі "тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген" деген сөздер "зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күнге белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 31-2-баптың 2-тармағындағы "шарт тараптарының келісімімен" деген сөздер " осы Заң талаптарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7) 4 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бірінші басшы немесе бас бухгалтер лауазымына үміткердің қызметінің негізгі түрі қаржы қызметтерін көрсету болып табылатын ұйымдағы кемінде үш жыл жұмыс с т а ж ы б о л у ы т и і с . " ;

2-тармақтың бесінші абзацы алынып тасталсын;

1 8) 4 1 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;"

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сұрауы бойынша салымшыға және алушыға оның зейнетақы жинақтарының кез келген сұралатын күнгі жай-күйі туралы ақы алмай ақпарат беруге және оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізуінің электронды және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы салымшылармен жасалған шарттар туралы деректерді, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен электронды құжат айналымын пайдалана отырып Орталыққа ұсынуға;"

13) тармақша "шарт жасасу" деген сөздерден кейін "және осы Заңда көзделген жағдайлар туындаған кезде оны бұзу" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 45-баптың 5-тармағында:
бірінші бөлігі алынып тасталсын;

екінші бөлік "тарату комиссиясы" деген сөздерден кейін "немесе уақытша әкімшілік" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 45-1-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ерікті түрде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы зейнетақы активтерін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша оның міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тапсыру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.";

21) 45-2-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілік зейнетақы активтерін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша оның міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тапсыру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.";

7-тармақтың екінші бөлігі "тағайындау" деген сөзден кейін "және босату" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорын таратумен байланысты шығыстар таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен жүргізіледі.";

22) 47-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "заңды тұлға акционерлер" деген сөздерден кейін "акцияларға орналастырылған активтерін және басқа тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін шегере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Комиссиялық сыйақының шекті шамасын жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) инвестициялық табыстың он бес процентінен;

2) айына зейнетақы активтерінің 0,05 процентінен аспайтын шекте белгілейді.

Комиссиялық сыйақының шамасы жылына ең көбі бір рет өзгертілуі мүмкін және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын кемінде екі мерзімдік басылымда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау жолымен салымшылар мен алушыларға күнтізбелік жыл басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей хабарландырылуға тиіс. Комиссиялық сыйақыны өндіріп алудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

24) 49-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Зейнетақы активтері мен жеке зейнетақы шоттарындағы жинақтардың есебіне

арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді."

2-бап. Осы заң, 2005 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2) тармақшасын қоспағанда, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК